

"Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 98 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 109 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 1, 7-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі туралы ережеде:

1 5 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 33-1) тармақшамен толықтырылсын:

"33-1) геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік геодезиялық бақылауды жүзеге асыру;" ;

37) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"37) геодезиялық және картографиялық қызметті лицензиялау мен есепке алу;" ;

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

"37-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен геодезиялық және картографиялық қызметпен айналысуға лицензиялар берілген (тоқтатылған) салық төлеушілер туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік жер кадастрында қамтылған жер пайдаланушылар және жер учаскелері жөніндегі мәліметтерді салық қызметі органдарына беру;" ;

38) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"38) аэротүсірілім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру;" .

2. Осы қаулы 2012 жылғы 30 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК